

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N 1085 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 12 шілдедегі № 354 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.07.12 № 354 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мынадай құрылымы б е к і т і л с і н :

1) Қарулы Күштерге басшылық жасаудың жоғары әскери-саяси органы - соғыс кезінде Қарулы Күштердің бүкіл қызметіне жалпы басшылық жасауды және Штабтар бастықтарының комитеті арқылы оларды басқаруды жүзеге асыратын Жоғарғы Бас қолбасшылық (Жоғарғы Бас қолбасшылықтың Ставкасы) ;

2) әскери басқару органдары:
стратегиялық - Қорғаныс министрлігі (орталық атқарушы орган) және Штабтар бастықтарының комитеті (ведомство);
жедел-стратегиялық - Қарулы Күштер түрлерінің құрамына кіретін бас қолбасшылардың, Қарулы Күштер Тылы бастығының басқармалары ; <*>
жедел-аумақтық - өңірлік қолбасшылықтар басқармалары;
жедел-тактикалық - Қарулы Күштер түрлерінің әскер тектері қолбасшыларының (бастықтарының) басқармалары, арнайы әскерлердің бас басқармалары (басқармалары); <*>
тактикалық - құрамалар мен әскери бөлімдердің басқармалары;
жергілікті - облыстардың қорғаныс ісі жөніндегі департаменттері (басқармалары және аудандар мен қалалардың бөлімдері);

3) Қарулы Күштер түрлері:
әскери басқару органдары, өңірлік қолбасшылық, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, оқу және резервтік бөлімдер құрамындағы Құрлық әскерлері;
әскери басқару органдары, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, оқу және резервтік бөлімдер құрамындағы Әуе қорғанысы күштері;

әскери басқару органдары, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, оқу және резервтік бөлімдері құрамындағы Әскери-теңіз күштері;

4) (Алып тасталды - ҚР Президентінің 2009.03.04. N 762 Жарлығымен);

5) әскери басқару органдары, құрамалар, жедел, жауынгерлік, арнайы және техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен мекемелері құрамындағы Арнаулы әскерлер; < * >

6) әскери басқару органдары, құрамалар, бөлімдер мен мекемелер құрамындағы Қарулы Күштер Тылы;

7) әскери-оқу орындары мен әскери-ғылыми мекемелер.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.11.10. N 1472 , 2009.03.04. N 762 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі шекарасының шегінде өңірлік қолбасшылықтардың жауапкершілік аймағы айқындалсын:

1) "Астана" - Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары;

2) "Шығыс" - Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары;

3) "Батыс" - Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары;

4) "Оңтүстік" - Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы" 2000 жылғы 6 шілдедегі N 417 Жарлығының 1, 2 және 3-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 7 шілдедегі N 418 өк Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Әскери құрылыстың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес басқару органдарын, Әскери теңіз күштерін құруды және Әскери-теңіз күштерінің қажетті инфрақұрылымын жасауды қамтамасыз етсін;

2) "Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы" және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірлеп, 2003 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 2004-2005 жылдар кезеңіне арналған штат санының лимиті бойынша ұсыныстар енгізісін;

4) Осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК